



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТІҢ ДЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Маманова Алма Шарипуллина

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Кертаева Г.М.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі кезеңдегі дамуында терең сапалық өзгерістерге бетбұрыс жасауда. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет», - деп атап көрсетті. Бұл саладағы ең басым бағыттардың бірі – қазіргі қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа, динамикалық жағдайында шығармашылықпен және белсенді қызмет жасауға қабілетті педагог мамандарды әзірлеу және қайта даярлау.

Деонтология https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%93%D1%80%D0%B5%D0%BA_%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96 грек тілінде «deon» - қажеттілік және «logos» - ілім, яғни қажеттілік туралы ілім немесе этиканың парыз, жалпы қажеттілік туралы ізгілік талаптары білдіретіннің барлығын қарастыратын бөлімі. Терминді алғаш Бентам жалпы ізгілік теориясын белгілеу үшін қолданған.

Деонтология - парыз, міндет мәселелерімен айналысатын этиканың бір бөлігі. Деонтология әлеуметтік-тарихи, мәдени дәстүрлерге қажетті адамдардың мінез-құлқын зерттейді [2].

Деонтология - парыз туралы ғылым. Әлеуметтік деонтология - әлеуметтік қызметкердің парызына адалдығы мен кәсібіне сәйкес саналы әдеп және құқықтық ұстанымдар мен ережелер кешенін зерттейтін ғылым. Ал, парыз дегеніміз - рухани әдептіліктің талабы. Әлеуметтік педагогтің өз бойындағы озық адамгершілік қасиетті дамыта білу – оның кәсіптік даярлығының іргетасы, ұстаздық парызы. Ұрпақтарымызды «жаман әдеттен құтқару үшін» ұстаз мейілінше сана-сезімін кемелдетіп, кәсіби міндеттеріне сәйкес болу жолында өзін-өзі танып біліп, тұлғалық қасиеттерді жетілдіруге үнемі ынталандыруды қажетсініп, өз бойында парыздылық сана-сезімін дамытуға тиіс. Болашақ маманды биязы мінезді, ұлағатты ұстаз етіп тәрбиелеу ісі педагог мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарының ортақ ісі.

Ата-бабаларымыз ұлттық ізгілікті, елдің мерейін көтеретін рухани мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырған. Осынау асыл өсиеттей аталы сөздерді білу – бәріміздің парызымыз. Парыз – адамның ішкі талап тілегі, моральдық идеал ұйғарымын орындау, қажеттігін сезіну. «Өнегелі дана жоқ жерде өнерлі бала да жоқ», - деген халқымыз келер ұрпағын қателіктен, жаңсақ қадамдардан ұдайы қақпайлап, ылғи да түзу жолға сілтеп отырған.

Әлеуметтік педагогтің деонтологиялық даярлығы – бұл оның білімінің, дағдыларының, іскерлігінің адам жанын тануға, оның қажеттігіне сәйкесті әрекет жасауға, кәсіби парызын біліп, соны мүлдірпей орындауды қамтитын сананың күйі [3].

Әлеуметтік қызметкердің деонтологиялық даярлығын, іс-әрекетінің саналы, адамгершілікті компонентін сипаттайтын көрсеткіштер:

- «Зиян келтірме» ұстанымын сақтауға, жоғары кәсіптік мәдениет құруға ынталылық;
- Кез-келген жағдайды әділ бағалау, өзінің және бөгде біреудің көзқарасын дұрыс түсіне білу, өзінің қарым- қатынас әрекеттеріне сыни қарауға икемділік;
- Арнайы-кәсіптік интеллекті қалыптастыруда тек қана қоршаған ортасынан ғана емес басқа да аумақтардан жедел толық ақпараттар алуға, жалпы сауаттылығын арттыруға, пассионарлы

индукцияны игеруге (басқа адамдардың көзқарасына өз ойын жұқтыру) қажетті білімділік, ептілік;

- Әлеуметтік қызметтің ерекшелігін, этикасы мен біртұтастығын ескеріп, ұстануы;
- Мамандығының құндылығын қорғауы, сыни тұрғысынан баға бере білуі;
- Жоғары дәрежеде мәдениетті және адамгершілігі мол, социологияның, медицинаның, психология мен педагогиканың заңдылықтарын, теориясы мен тәжірибелерінің негіздерін жетік білуі.

Т. И. Волкова: «Кәсіби қалыптасу күрделі үдеріс, осы үдерістен өту барысында адам талай қиындықтарға кездеседі, жас ерекшеліктік және тұлғалық сипаттың дағдарыстарынан шығу жолдарын табады, осылайша сыртқы және ішкі жағдайлардың арқасында түрлі қабілеттерді игереді, өзін жақсы жаққа қарай өзгертеді немесе басқа бір адамды рухани-бағалауыштық тұрғыдан демей біледі», - деп тұжырымдайды [4].

Сондықтан да, қамқорлық, қайырымдылық жасау, демеушілік көрсету әлеуметтік қызметкердің деонтологиялық дамуының жетекші факторлары мен шарттары болып табылады.

Әлеуметтік қызметкерді білім беру саласында кәсіптік дайындаудың басты міндеті – деонтологиялық сана-сезімін тәрбиелеу, яғни әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық қызмет субъектілерінің саналылық тұрғысынан қабылдауға үйрету, соған парыздандыру.

Деонтологиялық сана - өзіндік ойлау, кез-келген іске шығармашылықпен қарау, жалпы адамзаттық құндылықтарды түсіне білу, қарама-қайшылықтарды жоюда болжамдар құра білу, білімге деген белсенді құштарлықпен оны сауатты игеру мүмкінділігімен сипатталатын тұлғаның интеллектуалдық мәдениетін қамсыздандырады. Болашақ маманның деонтологиялық санасын тәрбиелеу ұғымы кәсіби білім беру жүйесінің саналы тұтынушысын тәрбиелеу ұғымымен сабақтас, өйткені саналы түрде болашақ қызметтік іс-әрекетке дайындалу қажеттігі оны ізденіске, талпынысқа, кеңестемелерге т.с.с. білімдену көздеріне жетелейді, емтихан, сынақ нәтижелерінің құны өзгереді. Онда ол тек баға алу үшін бар күш-қаражатын салмайды – көздейтіні құзырлық, білімділік болады. Сондықтан аралық мемлекеттік бақылау, түрлі тексерістер сияқты ерекше күш қажеттігі болмайды.

Педагогикада сана тәрбиелеу әдістемесі жұқтыру, сендіру және еліктету арқылы іске асатын тәрбиелік әсер ету жолдарына негізделеді, оларды төмендегідей сипаттауға болады:

Жұқтыру – эмоционалдық әдіс. «Бойда не бар, соны басқаға жұқтыруға болады, өзінде жоқты қалай жұқтырасың» демекші жұқтыру үшін оқу орнының профессор-оқытушы құрамының бойында талапқа сай қабілет-қасиеттер болу керек.

Сендіру – бұл ақпараттық әсер ету әдісі, онда дәріс оқу, ақыл айту, әңгімелесу, бағалау, т.с.с. әрекеттердің мазмұндық сипатының ролі басым. Сендіру бәрінен бұрын адамның ақыл-ойына әсер етіп, ой-өрісін белсендіреді. Сонымен қатар ол дәлелденген жағдайларды қабылдауға жәрдемдес ойларды тудырады, сезімдерді де қозғайды.

Сендіру әсерін асыру үшін қажетті талаптар тізімін төмендегідей үш бапқа топтауға болады:

- басқаны сендіру үшін өзі соған сенімді болуы қажет;
- сендіру ақпаратының мазмұны әртүрлі ой-түйіндерді оятатындай толыққанды болу керек;
- сендірушінің тілі бай, түсінікті, заманауи, өркендетуші, өркениетті, әсерлі, сәйкесті пантомимикалы болуы керек

Еліктету - шексіз сенімге тәуелді. Егер сенім болса, адам болып жатқан іс-әрекетке, қимыл-қозғалысқа, жүріс-тұрысқа еліктейді. Сондықтан барлық көзге түсер әрекеттерді (қоршаған ортадағы адамдардың тәлім-тәрбиелік қимылдары, қарым-қатынастық үлгілері, мінез-құлық көрсеткіштері, дағды-ғадеттері, т.с.с.) мақсатқа сәйкестендіруді ойластырып, іске асыру, арнайы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыру қажет.

Осы тұрғыда болашақ әлеуметтік қызметкердің деонтологиялық даярлығын қалыптастыруға қатысты төмендегідей бағыттарды бөліп көрсетуге болады:

Біріншіден, деонтологиялық сана тәрбиесіне сәйкес келетін білім беру ортасын құру мақсатында жоғары оқу орнының барлық тәрбиелік жағдайы және профессор-оқытушы құрамының сипатын аталмыш сапаға сәйкестендіру амалдарына ерекше көңіл бөлу.

Екіншіден, білімдендіру мазмұнының деонтологиялық құрастырушы бөлігін күшейту және технологиялық тұрғыдан қамсыздандыру.

Ол үшін әрбір пәнді оқыту тәртібі төмендегідей мақсаттарға негізделуі қажет:

- теориялық материалды мазмұндауда ғылым мен білімдендірудің диалектикасының себеп-салдарлық байланыстарын аша отырып, алынған білімнің даму өрісін, әрекет өнімдерін жетілдіруге қажетті жаңашыл көзқарастарды игеруге жағдай жасау;
- теориялық білім ғылыми ізденіс және ұтымды кәсіптік әрекетке жетелейтін ақпарат ретінде ұсынылуы керек.

Үшіншіден, студенттің кәсіптік құзыреттілігін арттырумен қатар тәрбиелік әлеуетін шыңдау және парыздылық сана-сезімін қалыптастыру үшін:

- деонтологиялық нормалар, ұстанымдар мен ережелер туралы рационалды біліммен санаға әсер ету, білімдерді деонтологиялық нанымға айналдыру
- болашақ қызмет аясында болатын іс - әрекеттің, қарым - қатынастың шынайы тәжірибесін сезіндіру, мамандығы бойынша практикасына деонтологиялық мән беру;
- осының бәрін сабақтан тыс тәрбиелік, қоғамдық іс-шараларда ескеріп, арнайы көңіл бөліп, диплом алар рәсімінде ант беруді ұйымдастыру.

Деонтологиялық құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қояды. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама-қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті мектеп мұғалімдерінің әдістемелік шығармашылығын дамытуды педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзыреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Деонтологиялық құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды [5].

Әлеуметтік педагогтің басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге бағытталған жоғары білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден әлеуметтік педагогтің кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, ал әлеуметтік педагогтен негізгі кәсіби құзырлылықтарын дамытуды талап етеді.

Әлеуметтік педагогтің деонтологиялық құзыреттілігін қалыптастыру – кезеңдік үдеріс, яғни педагогикалық іс-әрекетте үнемі кәсіби шеберлікті арттыру қажет және аталған сатылар әрдайым қайталанады, бірақ жаңа сапада қайталанады. Өзін-өзі дамыту үдерісі биологиялық, әлеуметтік жеке тұлғалық ерекшеліктерге байланысты, ол жеке өмірін саналы ұйымдастырса, өзіндік дамуында қамтиды.

Деонтологиялық құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі әлеуметтік ортаға тәуелді болып келеді, сондықтан орта кәсіби өзіндік дамуды ынталандыруы қажет деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы.

2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б. ISBN 9965-808-85-6.
3. Кертәева Ғ. М. «Педагогикалық деонтология негіздері: оқу құралы.- Павлодар, 2011
4. Волкова Т.И. Профессиональная подготовка социального педагога/Среднее профессиональное образование.- 2002.- №3.-С.53-54.
5. Кертәева Ғ.М. «Рахат» мектебі: жаңа ғасырға - жаңа мектеп. Павлодар, 2005. - 297 б.

УДК 376

ПРОБЛЕМЫ ПРОЦЕССА ИНТЕГРАЦИИ ДЕТЕЙ С ОВЗ В УСЛОВИЯХ ДОШКОЛЬНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

Максотова Толкын Тілекқабылқызы

магистр, преподаватель Западно-Казахстанского государственного университета
имени М.Утемисова, Уральск, Қазақстан

Проблемы специального образования сегодня являются одними из самых актуальных в работе всех подразделений Министерства образования и науки РФ, а также системы специальных коррекционных учреждений. Это связано, в первую очередь с тем, что число детей с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) неуклонно растет. Образование таких детей предусматривает создание для них специальной коррекционно-развивающей среды, обеспечивающей адекватные условия и равные с обычными детьми возможности для получения образования в пределах специальных образовательных стандартов, лечение и оздоровление, воспитание и обучение, коррекцию нарушений развития, социальную адаптацию.

В настоящее время в России функционирует сеть специальных (коррекционных) образовательных учреждений, предназначенных для обучения различных категорий детей с ОВЗ. Они, с одной стороны, обеспечивают детям право на качественное образование, но, с другой, изолируют их от реального социума. Переход ребёнка из специальной школы в большой мир - огромное испытание.

Поэтому на сегодняшний день остро встал вопрос об альтернативных вариантах обучения и воспитания детей с ОВЗ. Под необходимостью создания этих направлений подразумевается предоставление детям с особенностями развития большего количества возможностей для социализации, для приобретения чувства собственной ценности и значимости в современном сложном обществе. Одним из таких направлений развития системы специального обучения и воспитания можно назвать введение ребёнка с ограниченными возможностями здоровья в массовые группы общеобразовательных учреждений.

Отличительной чертой социальной политики Российской Федерации на современном этапе в отношении детей с ОВЗ является переосмысление стратегии развития системы специального образования в сторону изменения и дополнения ее элементов – интегрированного образования. Законодательство Российской Федерации, в соответствии с основополагающими международными документами в области образования, предусматривает принцип равных прав на образование для лиц с ОВЗ. Эти гарантии закреплены в законодательных актах России: Конституции РФ, Федеральном законе «Об образовании в Российской Федерации», Законе РФ «О социальной защите инвалидов» и др. Во многих субъектах Российской Федерации разрабатываются документы, региональные целевые программы, посвящённые вопросам поиска новых, эффективных форм оказания коррекционной психолого-педагогической помощи нуждающимся детям в условиях перехода к процессам интеграции в образовании [3]. Например, в Челябинске это Центр образования инвалидов и средняя общеобразовательная школа № 73.

Интеграция (с лат. Integratio – восстановление, восполнение – объединение каких-либо